

**Оған қатысты кедендік декларация беру Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО 008/2011 TP) талаптарына сәйкес бағалау (растау) туралы құжат берумен бірге жүретін өнімнің (бұйымның) тізбесіне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 3 ақпандағы № 7 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің 3-тармағына (2014 жылғы 29 мамырдағы Евразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) және Жоғары Евразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс Регламентіне № 2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес, Евразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Оған қатысты кеден декларациясын беру Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО 008/2011 TP) талаптарына сәйкес бағалау (растау) туралы құжат берумен бірге жүретін өнімнің (бұйымның) тізбесіне өзгерістер Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 11 шешімімен бекітілген қосымшаға сәйкес енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық  
экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*В. Христенко*

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының  
2015 жылғы 3 ақпандағы  
№ 7 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Оған қатысты кедендік декларация беру Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО 008/2011 TP) талаптарына сәйкес бағалау (растау) туралы құжат берумен бірге жүретін өнімнің (бұйымның) тізбесіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. 15-позиция:

а) 1-бағанда "электр ойыншықтар" деген сөздерден кейін "өзгелері" деген сөзбен толықтырылсын;

б) 2-бағанда "9504 90 800 9-дан" деген сөздердің алдынан "9504 50 000 9-дан" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Мынадай мазмұндағы 18-тармақпен толықтырылсын:

--	--	--	--

<p>"18. Бояулар, саусақпен жағатын бояулар, гуашь және басқа да сондай бұйымдар</p>	<p>3213-тен</p>	<p>сәйкестік сертификаты</p>	<p>ойыншық болып табылмайтын және ойыншық соған арналған баланың ең төменгі жасын немесе таңбада баланың жасы белгіленген пиктограмманы көрсету қамтылмаған өнімді (бұйымды) қоспағанда".</p>
---	-----------------	------------------------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ